

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 925 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

19

қарашадағы

№ 925

қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Бас бостандығынан айырылған адамдардың еңбегіне ақы төлеу шарттары мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 қаңтардағы № 20 қаулысы.

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 тамыздағы № 1069 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне салық салу мәселелері бойынша енгізілетін өзгертулердің 10-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы № 987 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 6-тармағы.

4. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы № 1755 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 49 - 50 , 590 - құжат) .

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы № 223 және

2001 жылғы 28 желтоқсандағы № 1755 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы № 644 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 17, 187-құжат).

6. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 наурыздағы № 260 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 24, 302 - құжат).

7. «Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоғамдық байқау комиссияларын құру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі № 924 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 34, 477 - құжат).

8. «Ішкі істер органдарының тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі зейнеткерлеріне медициналық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қыркүйектегі № 957 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 36, 497-құжат).

9. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 мамырдағы № 494 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 35, 287-құжат).

10. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 23 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 14, 170 - құжат).

11. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоғамдық байқау комиссияларын құру ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 16 қыркүйектегі № 924 және «Қылмысқа қарсы күрес саласындағы ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы» 2009 жылғы 20 қарашадағы № 1899 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 қарашадағы № 1313 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 27-құжат).